

**«МАХАМБЕТ ӨТЕМІСОВ
АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
УНИВЕРСИТЕТІ»**
коммерциялық емес акционерлік
қоғамы



Некоммерческое акционерное
общество
**«ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ИМ. МАХАМБЕТА УТЕМИСОВА»**

Non-profit joint stock company
**«M.UTEMISOV
WEST KAZAKHSTAN UNIVERSITY»**

090000, БКО Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы,
162 үй, тел. (711-2) 51-26-32, 51-42-66,
E-mail: zapkazgu@mail.ru
info@wksu.kz

090000, West Kazakhstan, Uralsk, N.Nazarbayev
avenue, 162, phone: (711-2) 51-26-32,
51-42-66, E-mail: zapkazgu@mail.ru
info@wksu.kz

090000, ЗКО г. Уральск, проспект
Н.Назарбаева, 162, тел.(711-2) 51-26-32, 51-42-66,
E-mail: zapkazgu@mail.ru
info@wksu.kz

03.02.2022 № 407

**Орал қалалық білім беру
бөлімінің басшысы
А.М.Темирхановаға**

Құрметті Ақжарқын Мутигуловна!

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, физика-математика факультетінің математика кафедрасы 10.02.2022 ж., сағат 14.00, ф.-м.ғ. докторы, академик А.Д. Таймановтың – 105 жылдығына орай, Орал қаласының орта жалпы білім беретін мектептерінің 10 - сынып оқушылары арасында «Математика» пәні бойынша олимпиада өткізуді жоспарлап отыр.

Осыған орай, Сізден олимпиаданың өтілу ережесін қала мектептеріне таратуға және оқушылардың қатысуына ықпал жасауыңызды сұраймыз.

Тіркелді: қосымша 2 бет

Басқарма төрағасы - ректордың м.а.:

Н.Х.Серғалиев

**Қалалық мектептерінің 10 - сынып оқушылары арасындағы пән
олимпиадасының өткізілу**

Е Р Е Ж Е С І

1. Жалпы ережелер

1. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері

1.1. Мақсаты:

- Мектеп оқушылары арасында білімге бәсекелестікті оятып, логикалық ойлау дағдыларын дамыту.

1.2. Міндеттері:

- оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру;
- шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- теориялық білімін тереңдету;
- жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына ықпал ету;
- дарынды балаларды анықтау үшін жағдай жасау;
- логикалық және кеңістікте ойлау дағдыларын дамыту;
- өзара бәсекелестікті тудыру;

2. Олимпиаданы өткізу тәртібі

2.1. Қатысушылар:

Олимпиадаға жалпы орта білім беретін мектеп, лицей, гимназияның 10 - сынып оқушылары қатыса алады.

Олимпиаданы өткізу **Ережесі:**

2.2. Пән олимпиадасы **2022 жылдың 10 ақпанында** өткізіледі.

2.3. Қатысушылардың сұраныстары 2022 жылдың 09 ақпанына дейін math_wksu@mail.ru электрондық поштасына жолданады. Қатысушының аты-жөні (жеке куәлік бойынша), мектебі толық жазылуы шарт.

2.4. Олимпиадаға қатысушы тапсырмаларды Google формада орындайды. Олимпиада тапсырмасы **қатысушы оқушыларға 10.02.2022 ж** сағат 13.30-да беріледі. Олимпиадаға қатысушыларға 5 есептен тұратын тапсырма ұсынылады. Тапсырма орындауға және кері жіберуге жалпы 3 сағат уақыт беріледі.

2.5. Тапсырмаларды орындау барысында сызылған белгілер болса, бағаланбайды. Тапсырманы орындау уақыты аяқталған соң жіберілген тапсырмалар қабылданбайды.

3. Қорытындылау және марапаттау.

Олимпиада жеңімпаздары пән бойынша I, II, III дәрежелі дипломдармен және алғыс хаттармен марапатталады.

Қосымша ақпаратты келесі нөмерлерге хабарласып ала аласыз:

Айтенова Гулсезим Муратовна 87021061664. Узакбаева Гулнур Акбергеновна 87022513409

Қазылар алқасы құрамы:

Төраға: ф.м.ғ.к., доцент А.Е. Жумағалиева

Мүшелері:

- ф.м.ғ.к., доцент А.А. Кульжумиева
- аға оқытушы М.М. Кадырбаев
- аға оқытушы, магистр С.М. Маутеева
- аға оқытушы, магистр Г.М. Айтенова